

¹Базарбекова Н.Ш., ¹Утегенова Г.Ж., ²Садықов Т.

¹аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²филолог.ғ.д., профессор Бишкек мемлекеттік университеті, Бишкек, Қырғызстан

**Б.НҮРЖЕКЕЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ Д. ИСАБЕКОВ,
М. МАҒАУИН ТУЫНДЫЛАРЫМЕН ТАҚЫПТЫҚ ҮНДЕСТІГІ**

Автор-корреспондент: nagimabazarbekova@list.ru

Түйін: Ана туралы қаншама көркем дүние әкелген, ана құдіретін, ана киесін жырлап, көрнекті кестелеген М.Горькийдің шығармашылығы әлем әдебиетінде өзіне лайықты орынды иемденген, биік тұрғыға көтерілген. Жазушының бүкіл дүние жүзі әдебиетіне тигізген ықпалы зор болды. М. Горький дәстүрінің жалғастығын қазақ әдебиетінен де айқын аңғаруға болады. Қазақтың белгілі жазушылары М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов т.б. шығармаларынан оның дәстүрін жалғастырушылық анық сезіледі. Мысалы, Ғ.Мүсірепов М.Горькийдің «Ана» цикіліндегі шығармаларын қазақ тіліне аударып қана қойған жоқ, ол тақырыпты әрі қарай жалғастырды.

Қаламгер әңгімелерінде кемел ой, кеменгер шешімдер бой көрсетеді. Б.Нұржекеевтің әрбір шығармасындағы әрбір әйел баласы, бойжеткен қыз, ардақты ана өздерін оқырман қауым қанша көріп-біліп, куә боп жүргенмен, терең сезінбеген, жеткілікті танып-зерттемеген қырынан көрсетеді. Сөйтіп сол ерекше қылық-мінездері, әрекет-істері арқылы шырқау шыңға көтеріліп, биік белестерден бой көрсетеді. Бексұлтан Нұржекеев әйел жанының жұмбақ сырын тануға ұмтылып қана қоймай, оны өзгелерге де, қалың жұртшылыққа, қазақ қауымына жеткілікті жария етуге, өзі түйсінген, көзін жеткізген жәйттерге оларды да тұщындыруға жан сала кіріскен қаламгер.

Кілт сөздер: Ана киесі, дәстүр, шығарлашылық, қаламгер, қалың жұртшылық, әйел баласы, бойжеткен ару.

Кіріспе: Бексұлтан Нұржекеевтің шығармашылық ғұмырбаянын зерттеп-зерделеуге бел буған, талдап-таразылауға кіріскен әрбір әдебиет зерттеушісі, оның шығармашылығын өзімен тұстас, қатарлас, әріптес жазушылар туындыларымен салыстыра, салғастыра қарастыру, олардың тақырыптық және идеялық ерекшеліктерін айқындауға міндеті. Мұнда біздің алғаш ойымызға келетіні, есімізге оралатыны Дулат Исабеков есімі болмақ. Ол қазір жалбақтап, жалтақтамай, өнімді еңбек етіп келе жатқан жазушы. Сырттай байыптаған кісіге қоғамдағы сілкіністер, бүгінгі идеологиялық күрт өзгерістер оған көп әсер ете қоймағандай көрінеді. Қалам сілтеуінде іркіліс те, кібіртік те жоқ. Жазушының ширек ғасыр шамасындағы шығармашылық жолына шолу жасап, ой түюге итермелеген себеп те міне осында.

Теориялық талдау: Д.Исабеков - оқымай мақтай салсаң, обал болатын, оқып мақтасаң, сауап болатын айрықша талант. Өйткені оның шығармаларында данышпандарды да ойландыратын ойлылық бар. Оны ойланбай оқу да мүмкін емес, оқыған соң ойланбау да мүмкін емес. Оның жазушылық құдіреті солай.

Жазушының шығармашылық өмір жолы ерте басталады. 1963 жылы «Шойынқұлақ» атты әңгімесі «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің бірнеше нөмірлерінде жарық көреді. Сол жылы Қазақстан жазушыларының “Замандастар” атты басылып шыққан әңгімелер жинағында оның «Жолда» деп аталатын алғашқы шығармасы жариаланды.

Сондай-ақ, оның театр сахналарында табысты қойылып, көрермен жүрегіне жол тапқан «Редактордың қабылдау күндері» (1975), «Әпке» (1977), «Ертеңгі күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986) т.б. пьесалары да өнер сүйер қауымға жақсы таныс. 1966 жылы, университеттің соңғы курсында оқып жүрген кезінде, жиырма екі жасында, оның «Бекет» деп аталатын повесі мен әңгімелері жеке жинақ болып басылып шықты. Жекеленген туындылар венгер, неміс,

поляк, чех тілдерінде жарияланды. Кейін «Ащы бал» (1969), «Мазасыз күндер» (1970), «Қара шаңырақ» (1973), «Тіршілік» (1975) повестері мен әңгімелер жинақтары, «Қарғын» (1980) романы жарық көрді. Бірқатар шығармалары орыс тіліне аударылып «Полынь» (1978), «Отчий дом» (1979), «Сметение» (1986), «Новоселье в старом доме» (1986) деген атпен басылды.

«Гауһар тас» (реж. Ш Бейсенбаев, 1975), «Дермене» (реж. Ә. Әшімов, 1986), «Тіршілік» (реж. Ұ Қолдауова, 1996) повестері бойынша көркем фильмдер түсірілді

Жазушыға сапалы да жемісті еңбектері үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылғы желтоқсанның 15-інде «Ай-Петри ақиқаты» деген повестер мен әңгімелер жинағы үшін «Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы» қаулысымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Д.Исабеков сонымен қатар, халықаралық ПЕН-клуб сыйлығының иегері.

«Шойынқұлақ» атты алғашқы әңгімесінен бастап жиырма бес жылға жуық уақыт ішінде Д.Исабеков қаламынан көптеген туындылар жазылды. Жазушының «Гауһар тас» пен «Пері мен періште» шығармашылығының болашақ бағыт-бағдарын айқын бағамдатқан алғашқы повестері болды. Ұлттық әдебиетіміздің гуманистік құрамын байытқан әлеуметтік құндылықтың, адамгершіліктің, одан өрбитін мейірімділік пен махаббатты кіршіксіз сақтай білудің міндетін жан-жақты зерделеген «Гауһар тас», «Мазасыз күндер», «Пері мен періште», «Қарғын» шығармалары. Осы повестер арқылы тек қилы замандар емес, күнделікті тіршіліктің, тұрмыстың өзі де қатал сын болатынын адамгершілік үшін екенін ұғындырды.

«Әпке» пьесасы бір отбасындағы махаббат-достық мәселесі, ата-анасыз жастардың бір-біріне деген қамқорлығы, оқып адам болуы, өмірден өз орындарын табуға ұмтылуын көрсетуге арналған. Біз талантты жазушыға тән жазу стилі көркем әдебиеттің ең маңызды және жалғыз тақырыбы мен тақырыбы-үлкен әріптермен жазылған "адам" екенін басынан-ақ түсінеміз. Жазушының өмір қабаттарын зерттеуші ретіндегі қабілеті, адам жанының тереңдігін білу, содан кейін жастық шақтан бастап, ол таңдаған көркемдік бағыт-қарапайым адамдардың өміріндегі және қарапайым адамдардың өміріндегі құпия қазыналарды ашуға тырысатын көркем мақсат. Сонымен, тіршілік, адам өмірінің мәні, оның қоғамдағы орны, сан қилы адам тағдыры, оның сенімі, сезімі, ақыл-ойы, күрес тартысы – Дулат шығармаларының негізгі тақырыбы.

Жазушы Д.Исабеков шығармаларының негізгі идеясы-кейіпкерлер қоғамдағы белгілі бір орынға, яғни өмірбаяндық нақты деректерге, тіпті олардың басындағы дәуірлік өзгерістерге ерекше мән бермейді. Жазушының ең танымал шығармаларының бірі - "адам өмірінің қырық қыры". Жазушы көркем әдебиет арқылы "кішкентай адамдардың", "қор" тағдырларын суреттеп, оқырманға жеткізеді. Дулат Исабеков үшін мінез, яғни қандай да бір адам, әлеуметтік иерархияға қарамастан, нақты әлемдегі тұлға. Д.Исабековтың әңгімелері мен повестері туралы айта отырып, оның тақырыбы мен идеясы туралы сұраққа қандай көзқараспен қарағанына, қандай бағыттарды ұстанғанына тоқталайық.

Ауылда туып өскен, өмірлік дүниетанымы мен көзқарастары ауылда қалыптасқан жазушы ауыл өмірін, ондағы адамдардың өмірін сипаттап, оларды өздері өмір сүретін уақыттың шындығымен байланыстыра көрсетуі керек.

«Гауһар тас» – әдеби сында жоғары бағаланған повесть. Д. Исабековтің алғашқы туындылары дүниеге келе бастаған тұста Кеңестік Одақ аясындағы әдебиетте, сондай-ақ қазақ прозасында да лирико-психологиялық бағыттағы шығармалар легі молайған болатын. Алайда, «Гауһар тасты» лирикалық сипатына қарап немесе әдеби сын атап көрсеткендей, «кейіпкер характерінің табиғилығы, оқиға дамуының, шиеленісуінің нанымдылығына, қарапайым кейіпкерлерінің өмірге құштарлығына» [6, 255 б] – демек автордың әдебиеттің әліпби қағидаларын ойдағыдай меңгеруіне байланысты бағалау тым қораштық етер еді,» - дейді сыншы, мәдениеттанушы Әлия Бөпежанова.

Д.Исабекова шығармаларында жақсылық пен жамандықтың күресін лирикалық-

психологиялық тұрғыдан жеткізеді. "Гуһар-тас" әңгімесінде ол зұлымдық пен жақсылықтың, тұрақсыздық пен сұлулықтың арасындағы асыл ішкі тебреніспен бейнелеген.

"Гуһар-тас" - әннің атауы. Ән әдемі, нәзік мейірімділіктің, кербез сезімдер, әуенді саз әні. "Гуһар-тас" екінің бірі немесе жүздеген, тіпті мыңдағандардың бірі орындай алмайды. Аса мейірім, асылмұрат, таусылмайтын тағат кебін шерткен ерекше әуен.

Мұндай әдемі ән- Салтанаттың сүйікті әні. Салтанат-Д.Исабековтың "Гуһар тас"повесінің бас кейіпкері. Салтанат-сезімтал, сергек, арманшыл, дана жастың бейнесі. Ол еркін даланың ер жаны. Салтанатты Ыбыштай қарау адамға қосқан ол жоқшылық. Салтанатты жағдайда, нәзік және нәзік сұлулық аясында ұлттық мінездің түсі айқын көрінеді. Әдептен озбау, кішіпейіл болу-сабыры ешқашан саналы наным-сенімінің жан дүниесінен кетпейтін, бір ой-пікірден ауытқымайтын ұғым. Біз Д.Исабеков психолог жазушы дейтініміз осыдан.

«Қарғын» повесіндегі Бағила қыз тұлғасы да айрықша көркемдікпен, сұңғыла суреткерлік шеберлікпен сомдалған бейне десе болады. Балаң сезіммен, албырт көңілмен үлкен қалаға аяқ басқан жас қыз бірден-ақ махаббат жалынына шарпылады. Өйткені, өзгелерден табиғаты басқа, тұрпаты бөлек Жасын-жігіт болмысы, келбеті оны ә дегеннен-ақ баурап алады. Жасын да Бағиланы ұнатып қалғанымен, оны әл әзір қызға сездірмеуге тырысады. Дегенмен шығарма аяқталуында екеуінің де бір-бірін шын сүйіп қалғандығы, бір-бірінсіз тұра алмайтындығы, өмір сүре алмайтындығы әйгілі болады.

Ұлттық әдебиетімізде өз шығармаларымен оқырмандарымыздың рухани жан-дүниесіне шұғыла шашып, санасына ерекше сәуле түсіретін таланттар қатары аз еместігі біздің ерекше қуанатын тұсымыз. Ойлы және көркемдік дәрежесі жоғары деңгейдегі шығармалар жазып жүрген, сол арқылы өзінің жазғандарына да, өзгелердің жазғанына да, қоғамның даму үрдісінде де қорықпай, сескенбей пікірін ашық айта алатын ерекше дарынды, талантты қаламгерлеріміздің бірі осы – Дулат Исабеков десек, қателеспейтін шығармыз.

«Пері мен Періштедегі» Сапура бейнесін алатын болсақ, ауру Құлахметті тастап, өз бақытын басқадан іздеген жеңілтек әйелді алғашында кінәлағанмен, кейіннен шығарманы оқу барысында Сапураның жан сезімін, ішкі дүниесін терең байыптап, оның да өмірден өз үлесін алуға қақысы бар екендігін ұғынып, оған кешіріммен, түсіністікпен қарай бастайсың. Сапура – жан қызуы басылмаған жас келіншек. Ол өзінің гүл өмірін, жас ғұмырын ауру Құлахматке танып, қор еткісі келмейді. Сол себепті де басқаша қадамға барып, өзгеше шешім қабылдайды. Және бұл үшін жас әйелді жазғырудың қажеті жоқ. Өмір атты ағысы қатты өзенде шамасы жеткендер ағысқа қарсы жүзсе, әлжуаз, әлсіздер сол ағыс қарқынына шыдай алмай суға кетіп жатады. Бұл – өмір заңдылығы.

Шеберлікте шек болмайды. Дулат Исабеков – тоқтаған жазушы емес. Ізденіс үстінде жүрген, әлі әр қырынан жаңаланар, шығармашылық түлеуге, толысуға, толығуға тиісті жазушы. Шама-шарқымызша талдаған шығармалар бір-біріне ұқсамайды. Ұқсамас сәт, шығармашылық сан түлеу әлі алда жатқан шығар. Ол соңына қайырылып қарағанымен өзін қайталамауға, алдағы асуы алған биігіне, жеткен шеберлігіне ұқсамауға тиісті.

Бексұлтан Нұржекеевтің тағы да бір тұстасы, қаламдас әріптестерінің бірі – Мұхтар Мағауин. Ол – болмысы бөлек, бітімі басқа, өзгелерге ұқсамайтын, өңгелерді қайталамайтын жазушы. Оның шығармалырындағы әйелдер бейнесінің сомдалуына тоқталар болсақ, бұл қаламгерде қызығар, қызықтырар, қызғандырар тұлғалар баршылық. Мәселен, «Эльза жеңешем» атты әңгімесін алатын болсақ, онда баяндаушының Кенже ағасы мен Эльза атты неміс қызының шынайы махаббаттары баян етіледі. Эльза жеңешесін алғаш көргендегі Мадиярдың әсерін қаламгер былайша суреттейді: «Қазақ емес. Эльза жеңешем. Бірден таныдым. Көзім шырадай жанып, үзіліп, әрең алған демім бірден ашылды. Жеңешем нұр жүзді, ақсары сұлу екен. Сағымнан жаңа шыққандай. Ертегідегі хор қызы. Жырдағы Ақжүніс ару. Тағы бір ертегіде сұлу қызды көргенде жігіт есінен танып қалатын. Мен баламын. Танып тұрған есім қайта кірді» деп сипаттай келе:

«Жеңешем жалаңаяқ екен. Сирағы түп-түзу, жұп-жұмыр, аппақ. Үстінде қысқа жең көк жолақ көйлек. Бар тұлғасы – сымбат. Толықсып тұр. Келте қиылған шашы жирен. Қасы қоңыр. Көзі де... қоңыр. Ай қабақ... Өлеңдегі алтын кірпік емес. Ұзын, қайқы, өткір, қоңыр кірпік. Жанары ұшқын шашып тұр. Маған үңіле қарап, бірдеңе деді... Кенже ағам да бірдеңе айтып жатыр. Екеуі мәз болып күледі. Маған емес, өзді-өзі. Біріне-бірі риза. Мейірлене, елжірей қарасады. Біріне-бірі... ғашық. Әлгі... жырдағы Қыз-Жібек пен Төлеген сияқты. Қысқа қайырып, аса бір әуезді үнмен, әлдене айтысып жатыр. Мен сені жақсы көрем. Мен сені одан да жақсы көрем. Келгенің қандай жақсы болды. Мына баланың ауырғаны қандай жақсы болды. Кешке дейін күтетін ем. Кешке дейін күтпейтін ең... Әлде немісше, әлде орысша. Әйтпесе, өздері ғана ұғатын өзгеше тілде. Эльза жеңешем жымыып күлгенде жанарынан жылу тарап, бар бітім-болмысымен нұрлана көріктеніп кетеді екен. Әрине, Кенже ағамның қасында.

Эльза жеңешем еркеленіп күле берсе деймін. Кенже ағам мейірленіп сөйлей берсе деймін. Бірақ екеуі ұзаққа кетпеді. Жеңешем күле жүріп, бұрыштағы текшеден әлдебір дәрігерлік сайманын алды. Ауруды айқындауыш екен. Ұзын екі түтігін екі құлағына тығып, шолақ көйлегімді иығыма іле көтеріп, дөңгелек тыңдағышын арқама басты. Жауырынымның асты, үсті, оң, сол - әрлі-берлі жылжытып тыңдады. Содан соң майда, нәзк саусақтарымен қыр арқамды сипап, сірә, жақсы көргені, ақырын қағып қойды. Стол тартпасынан аппақ шай қасық алып, сабымен тілімді басып тұрып, тамағыма қарады. Тағы да маңдайыма қолын тосты. Қоңыржай, мейірлі алақан. Бас бармақ, сұқ саусағымен иегімді көтеріп, көзіме үңілді. Сүйген ишарат жасап, қырмызы ернін шүршитті. Содан соң маған бір, Кенже ағама бір қарап, жадырай күлді де, екі қолын жайды:

– Гут. Зеер гут!.. – Жахсы. Өтье жахсы!..

Кенже ағама наздана қарап, тағы бірдеңелер айтты. Сен одан да жақсысың деген сияқты.

– Өте жақсы, ешқандай сырқат жоқ дейді. – Кенже ағам күліп алды. – Ептеген еркелік дейді.

Дәл осы жолы ешқандай еркелік болмаған, ауырғаным және қатты ауырғаным анық. Бірақ мен айтылған сөзді теріс көрмедім.

– Жазылып кеттім, - дедім. – Осында... келген соң... – «Жеңешемді көрген соң...» деп айтуға батпадым.

Бірақ Кенже ағам айтпай-ақ түсінген сияқты. Анық байқап тұр. Жеңешеме – өзінің қалыңдығы, менің болашақ жеңешеме қарап, ұнасымды бірдеңелер айтты. Сені көрген соң, осындай жеңешем болады деп қуанғаннан жазылып кетті дейді. Шынында да, осы үйдің хош иісті ауасы, жеңешемнің ертегідей бігісі айрықша әсер етсе керек, мен әп-сәтте құлан-таза жазылып кеттім» [2, 245-246 б.б].

Міне, бала Мадиярдың жеңешесін алғаш көргендегі таңданыс, толғанысы осылай шебер суреттеледі. Екі жастың бір-біріне деген ынтық сезімі, ғашық көңілі айрықша нәзік сыршылдықпен, шынайы да көркем, келісті суреттеледі. Дегенмен әңгіме бұдан кейін басқаша өріс алып, екі жастың махаббат жалынына су сеуіп, сөндіруге ұмтылушылар әрекеті белең алады. Мадиярдың Кенже ағасы жауапқа тартылып, оған жалған айыптаулар мен жалалар жабылып, жас жігіттің басы бөлеге шатылады. Ақырында, бұл қорлықтан әрең босанып шыққан жігітке неміс қызы Эльзаға да барар жол жабылады. Неміс қызымен бірігіп, шпиондық әрекетке барып жүр деген де айыптаулар тағылып, ол қызға ендігәрі жоласа, жағдайдың шиеленісе түсетіндігін ескертеді. Қатты күйзеліске түсіп, жүнжіп қажыған, қайғыдан қан жұтқан жігіт бірер айдан кейін есін жиып, Нарын қаласына шопырлық оқуға аттанады.

«Кенже ағам қалаға кеткеннен соң көп ұзамай, күтпеген жерде біздің үйге Эльза жеңешем келді. Тапа-тал түсте. Бір қолында үкілі домбыра, бір қолында оқалы тақия. Бұдан бірер ай бұрын, әлгі, қаралы түн қарсаңында мен апарған домбыра мен тақия. Содан бері Кенже ағам қайыра бармаған. Әуелде... беті жара болды, одан соң көңілі нала. Қалай бармақ, не айтпақ. Бәлкім, түн жамылып барған да шығар, күйініп тұрып айтқан шығар.

Бәлкім барам, айтам деп ойлаған шығар. Әлде бейшара қызға кесірім тиер деп қорыққан шығар. Бәлкім, өзінен-өзі оңалып кетеді деп сенді. Нәтижесі белгілі. Тағы үш-төрт ай аулаққа кетті. Мүмкін, қайтып келмес. Қайтып келсе де қайрылып соға ма. Эльза жеңешем бәрін де білетін сияқты. Бәрін де түсінетін сияқты. Сірә, өзі де жауапқа тартылған. Иә. Шақырылған. Нақты нұсқау, жарлық берілген. Енді міне. Дүниеден баз кешкен, өмірден күдер үзген, гүлі солған кейіпте. Өңі боп-боз, көзі жанарсыз, ерні қан-сөлсыз. Әжем екеуіміз есік алдында, күнесте отырғанбыз. Екеуіміз де үдірейіп атып тұрдық.

– Апа... – деді Эльза жеңешем үкілі домбыра мен оқалы тақияны ұсынып.

– Қалқам-ай, қарашығым-ай... – деді әжем қалбалақтап. – Қайтейін енді, қайтейін...

Эльза жеңешем де әрең тұр екен, мен қолындағы домбыра мен тақияны алар-алмастан еңіреп жылап жіберді. Көкшіл қол орамалымен мұрнын басып, екі көзінен жас саулап, өксіп тұр.

– Сенен кінә жоқ, кінә жоқ, одан да кінә жоқ, - деді әжем де көзіне жас алып, бақытсыз қызды құшақтап. – Кеш, жарығым, кеш, айналайын...

Кенет Эльза бойын тіктеп алды.

– Мен... – деді де, көкірегін басып, қайтадан өксіді.

Содан соң сабыр тауып, әдемі, майда тілмен төрт-бес ауыз сөз айтты. Сірә... Сізге ризамын. Ешкімге өкпем жоқ.. Тағдырға ғана налимын. Аман болыңыздар... Қайткенде де реніш, өкпесінің жоғын айтқан сияқты. Кетуге ыңғайланды.

– Апыр-ай, - деді әжем тағы да сасқалақтап. – Тым құрыса дәм татып кет, күнім!..

Эльза жеңешемнің жанары жалт ете түсті.

– Апа... – деді тіке қарап. – Сиздің үй дям тартпады!..

Әжем екеуіміз ұмсынған күйі қалтиып тұрып қалыппыз.

Көп ұзамай естідік Эльза жеңешем – біздің үйдің дәмі тартпай, маған жеңеше болмай қалған сорлы қыз әйтеуір бір ретін тауып, қызмет орнын ауыстыруға рұқсат алып, Нарынға кетіпті. Кенже ағам шопырлық оқуын әлі тауыспаған. Ол жақта екеуі көрісті ме, жоқ па, білмеймін» [2, 252-254 бб].

Осылай өрбіген әңгіме оқиғасы екі ынтық жастың жан сезімдерінің тамырына балта шабылып, олардың ынтызар махаббаттарының жалын өрті ерте сөнгендігін суреттейді. Өмірден баз кешкен, сүйгеніне бейбіт заманның өзінде-ақ қол жеткізе алмай, қанаты қайрылған жас жігіт ғұмыр арнасын басқа бағытқа бұрады. Оның бұрыннан армандап келе жатқан мамандығы, оқысам деген оқуы... көздеген мақсаты... бәрі-бәрінің күл-талқаны шығып, шопырлық оқуды қанағат тұтып кете барады. Кейіннен Ғазиза атты қазақтың талдырмаш, қара торы қызына үйленіп, балалы-шағалы болады. Дегенмен, сырт қарағанда бақытты да баянды ғұмыр кешкен сықылды көрінгенімен, әңгіме соңында қаламгер мынадай көріністі әйгілейді: «Кенже ағам сексенге ілініп, осы жақында ғана дүние салды. Ұрпақтары, ағайын-туған тегіс жиналып, арулап аттандырдық. Арманы жоқ дестік.

– Бір арманы ішінде қалды ғой, - деді жылаған, жүдеген кәрі жеңгеміз, Кенже ағамның қырқын атқарып отырған күні. – Эльзасын ұмыта алмай кетті, - деді зілсіз жымыып. – Ендігі... ана жақта екеуі қайта табысқан шығар...» [2, 255-бет].

Иә, махаббат атты ұлы сезім адамзат баласы жаралғалы бері олардың жүректеріне мейірім сәулесін құйып, адамдық шапағатын шашып келеді. Ғашық адам өмірге, айналасындағылардың барлығына да, тіпті жансыз табиғатқа да жанашыр, қамқор сезіммен қарамақ, барлық жанды-жансыздың барлығын қолынан келгенше аялап-ардақтамақ, қадірлеп-қастерлемек. Бұл да болса, махаббат атты ұлы сезім құдіретінің шексіздігі, өлшеусіздігі сияқты. Жазушы әңгімесі: «Ал Эльза жеңешем... ол да жетпістің жуан үстінде. Күні бүгінгеше тірі болуы ғажап емес. Тек алыста. Германияда. Шекара ашылғанда алғашқы лекпен аттаныпты. Мұнда қимайтын ешкімі жоқ. Онда күтіп тұрған туысы және жоқ. Онда да, мұнда да жалғыздық. Әйтеуір, қандас қауым ортасына, ата-баба топырағына жетіп қалайын десе керек» [2, 255-бет]. деген ой-түйіндермен аяқталады. Эльза бейнесі жұмбақ та сырлы қалпымен, нәзік те нәрлі болмыс-бітімімен, сұлу да

сымбатты кескін-келбетімен оқырман қауым көңіліне ерекше жақын ұялайды. Қазақтың қараторы, өнерлі жігітіне өзгеше ынтық сезіммен ғашық болған өңге ұлт қызы сол пәк сезімін ешкімге де былғатқысы келмегендіктен болар, өмір бойына тұрмыс құрмай өтеді. Бәлкім, басқа ешкімді сүйе алмаған болар. Бәлкім, алғашқы сүйген адамын ойынан аулақтата алмай қиналған болар. Ол жағы, әрине, бізге белгісіз. Бізге белгілісі – Эльза қыздың айрықша болмысы мен өзгеше бітімі. Жазушы кейіпкер бейнесін сомдауда психологиялық талдау өнерінің нәзік те терең иірімдерін барынша шебер қолданып, Эльза бейнесін барынша биік белеске шығара білген десек қателеспейміз.

«Екеу» деп аталатын әңгімесінде Мұхтар Мағауин да Бексұлтан Нұржекеев секілді әйел мен еркек арасындағы жасырын қатынастардың сырын ашуға талпыныс жасайды. Ойда-жоқта театрда танысқан бейтаныс еркек әйелді үйіне дейін көлігімен шығарып салады. Шығарып салып, бір шыныаяқ шай ішуге кірген еркек әйелді терең ләззатқа бөлейді, әйелді күйеуі о дүниелік болғалы он тоғыз жыл бойы басынан кешірмеген рахатқа батырады:

«Арада... жарты сағатқа жетпеді.

– Сіз мені зорлап жібердіңіз... – деді әйел.

– Мені азғырып күнәға батырған өзің! – деді еркек.

– Ұят-тағы... – деді әйел бетін басып.

– Бұрын көрмеп пе едің?

– Көрмедім. Міне, тура жиырма... он тоғыз жыл болды... Күйеуім оқыстан опат болғалы бері. Өткен жазда қызымды ұзатып салдым. Басқа қалаға. Енді міне... қырықтан асқан кезде...

– Сен маған он тоғыздағы жас қыздай көріндің... – деді еркек. Әйел тағы да бетін басты.

– Масқара болдым... Мүлде ұмытып кеткен нәрсе...

– Менің байқауымша, сен ешқашан да бастап білмегенсің... – деді еркек. Әйел тағы да бетін басты... – деді еркек.

– Неге? – деді әйел аңырып.

– Тазасың, – деді еркек. – Тап-тазасың. Үстіңнен шыбын ұшып өтпеген сияқты» [2, 219-бет].

Иә, әйел шынында да күнәдан ада, періштедей пәк болатын. Оның бойында қанағатшылдық, тобашылдық, қарапайымдылық сияқтылар салтанат құрып тұратын. Оны әңгімені оқу барысында байқаймыз. Еркек көп уақыт бойы хабарласпайды. Тек ауық-ауық, кейде араға үш-төрт ай салып, кейде екі-үш күн салып хабарласады. Телефон шылдыры әйелді әбден есінен жаңылыстырады. Сол екен деп алса, басқа біреу болып шығады, бұған әйелдің зығырданы қайнайды. Біреуді тағатсыздана сәт санап, минут, секунд санап күткеннің қандай азапты нәрсе екендігін әйел осыдан бастап-ақ ұға бастайды.

Нәтижелер мен талқылау: Еркек пен әйел арасындағы шынайы сезім, ағынан жарыла сыр ақтару сәттері оқырман қауымды ерекше елжіретіп, айрықша тебірентеді. Еркектің кім екені, аты да, заты да, жанұясының бар немесе жоқ екендігі, кім болып қызмет істейтіндігі, немен айналысып-шұғылданатындығы, ештеңесі де беймағлұм, құпия, жасырын күйінде қалады. Ол өзін Шопырмын деп таныстырады, әйелге Бойжеткен деп ат қояды. Осылайша, Шопыр мен бейтаныс бойжеткен арасындағы құпия да жысырын, тылсым сырлы қатынас ары қарай жалғаса береді. Әйел өзіне өңі бөлек бақыт, шаттық, қуаныш сыйлаған еркек кіндіктіге дән риза күйінде өзінің тыныш та бұйығы тіршілігін жалғастыра береді.

Әйелдің жиырма жыл бойына ұйқыда жатқан жан сарайына қозғау салып, алай-дүлей боран соқтырып, сезімін сергелдеңге салған еркек кейде ай бойы, апта бойы хабарсыз кеткенде, әйел байғұс сағыныш отына шарпылып, оны тағатсыз сабырсыздана күтуден жалыққан емес. Бәлкім, бұл тән құмарлығынан туындаған жан құштарлығы болар? Бәлкім, бұл жан ынтықтығынан бастау алған тән ынтызарлығы болар? Қайткен күнде де әйелдің еркекті ерекше сағынатындығы, ыстық ынтызарлықпен қауышатындығы,

еректің де әйелге деген сезімі бөлекшелеу екендігі айқын.

Қорытынды: Әңгімеде қаламгердің баса көрсететіні, айрықша меңзейтіні махаббат, құмарлық пен құштарлық мәселелері ғана емес, әйел сезімінің тазалығы, жан сұлулығы, адалдығы мен пәктігі. Себебі, еркектің оған тастап кеткен ірі көлемдегі қаржысын жеті жыл бойына шашау шығармай сақтап, ақыр соңында еркектің басына іс түсіп, тақырға отырған сәтінде оған қайыра ұсынуы – таңқаларлық адамгершілік, адалдық пен пәктік белгісіндей. Бексұлтан Нұржекеев сықылды қарымды қаламгердің қатар қалам сермеп жүрген, бір тақырыпқа түрліше барлау жасап, әрқайсысы өз қал-қадарынша, өз әлінше тереңдей барып жүрген тұтастары мен әріптестері мұнымен шектеліп қалмақ емес. Олардың барлығының шығармашылықтарын зерттеу нысаны болып отырған қаламгер шығармашылығымен салыстыру, әрине, бір зерттеу жұмысы көлемінде мүмкін емес. Сол себепті де біз олардың ішінен іргелілерін, ірілерін екшей алып, терең талдау, зерделі зерттеу, сарабал салыстырулар жасадық.

Әдебиеттер тізімі

1. Горкий М. Беседы с молодыми Москва, 1980. 414ст
2. Қирабаев С. Шындық және шеберлік. Алматы: Жазушы, 1983. 280
3. Дәдебаев Ж. Өмір үміт пен өкініштен тұрады ... Жалын. 2001. №9. 6 б.
4. Исмаилов О. Қорымды қаламгер Октябрь туы 1987. 1 декабрь
5. Балғабаев С. Баркөрнеуден басталған бұлақ Қазақ әдебиеті. 1987. 2 январь.
6. Ғабдуллин Н. Замандас келбеті. Алматы: Жазушы, 1972.– 257 б.
7. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы - көркемдік кепілі. Әдеби мақалалар. Алматы: Жазушы, 1989. 184 б.
8. Нұрғали Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. 439 б.
9. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы: Санат, 1996. 336 б.
10. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. Алматы: Ғылым, 1991. 208 б.

Аннотация: Творчество М. Горького, воспевавшего могущество матери, материнскую одежду, занимавшего достойное место в мировой литературе, занимало высокое положение. Большое влияние писатель оказал на литературу всего мира. Продолжение традиции М. Горького можно проследить и в казахской литературе. В произведениях известных казахских писателей М. Ауэзова, С. Муканова, Г. Мусрепова и др. прослеживается преемственность его традиций. Например, Г. Мусрепов не только перевел на казахский язык произведения М. Горького в цикле "мама", но и продолжил тему.

В рассказах писателя отражены гениальные мысли, гениальные решения. В каждом произведении Б. Нуржекеева каждая женщина-ребенок, девушка-девушка, мать-героиня показывают себя с той стороны, которую читатель не осознавал, не осознавал. Так что с помощью этих необычных поступков, поступков и поступков они поднимаются на вершину, поднимаются с высоких высот. Бексұлтан Нуржекеев не только стремился к познанию загадок женской души, но и стремился раскрыть ее другим, широкой общественности, казахским общинам, опреснить их.

Ключевые слова: Покровитель материнства, традиции, творчество, писатель, широкой общественности, женщина, девушка-красавица.

Abstract: The work of M. Gorky, who glorified the power of the mother, mother's clothes, who occupied a worthy place in world literature, occupied a high position. The writer had a great influence on the literature of the whole world. Continuation of the tradition of M. Gorky can be traced in Kazakh literature. In the works of famous Kazakh writers M. Auezov, S. Mukanov, G. Musrepov, etc. the continuity of its traditions is traced. For example, G. Musrepov not only translated the works of M. Gorky in the cycle "mama" into Kazakh, but also continued the theme.

The writer's stories reflect brilliant thoughts, brilliant solutions. In each of B. Nurzhekeyev's works, every woman-child, girl-girl, mother-heroine shows herself from the side that the reader did not realize, did not realize. So with the help of these unusual actions, deeds and deeds, they rise to the top, rise from high heights. Beksultan Nurzhekeyev not only sought to know the mysteries of the female soul, but also sought to reveal it to others, the general public, Kazakh communities, to desalinate them

Key words: Motherhood, tradition, creativity, writer, public, woman, beautiful girl.